

ОӘЖ 336.71

## КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

**Серікбай Арайлым Молдағалиқызы**

*[serikbaiarai@mail.ru](mailto:serikbaiarai@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр- Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Мажитов Д.М.

Қазіргі уақытта банктер өз қызметі кезінде пайда болу уақыты мен орны, әсер ету факторлары және деңгейі бойынша әртүрлі тәуекелдер жиынтықтарымен жұмыс жасайды. Банк жүргізетін операциялар кезіндегі әрбір тәуекелдер бір-бірімен тығыз байланысты. Бір тәуекел түрінің өзгеруі қалған барлық түріне әсер етеді. Осы себептерге байланысты тәуекелдерді басқару жүйесін тиімділігі арттыру коммерциялық банктер үшін маңызды.

Банк қызметінің тиімділігін арттыруда банктің тұрақты дамуын қамтамасыз ету деңгейі бойынша тәуекелдеріне байланысты тәуекелдің жіктелімінің маңызы зор. Банктердің өзінің өтімділігімен басқару, активті және пассивті операциялар бойынша пайыздық саясатты келістіруі, банк өнімдері мен қызметтері нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуіне мемлекет экономикасындағы несиелік ұйымдардың қалыпты және тұрақты қызмет етуіне байланысты.


Несиелік тәуекел – қарыз алушының банктен алған бойынша қарызын немесе сыйақысын уақыты қайтара алмауынан банктің зиян шегуі. Несиелік тәуекел бойынша ішкі факторлары: клиент төлем қабілеттілігіне қате бағалау, несие дұрыс қамтамасыз етілмеуі, несиелеу үдерісін нашар қадағалау. Осы факторлар несиелік ұйымның қызметінің 60% нәтижесесіне әсер етеді. Тәжірбиеде банктік тәуекелдің пайда болу уақытының маңызы зор. Банк тәуекелінің пайда болу уақыты бойынша ретроспективті, ағымдық, болашақтағы болып бөлінеді. Ретроспективті тәуекелдердің есебі банк үшін ағымдағы және болашақтағы тәуекелдерді нақты есептеуге мүмкіндік береді. Ағымдық тәуекелдерді нақты есептеу болашақ болатын шығындар тығыз байланысты. Тәжірбиеде көрсеткендей банктік операцияның уақыты ұзақ болса, тәуекелде жоғары болады.

Тәуелділік деңгейі бойынша тәуекел банктің қызметіне байланысты тәуекелдер және банктің қызметіне байланысты емес болуы мүмкін. Банкпен қызметімен байланысты емес тәуекел саяси немесе экономикалық факторлар әсерінен пайда болса, банкпен қызметімен байланысты емес тәуекелдер микродеңгейде пайда болады. Банкпен байланысты емес тәуекелдер көп жағдайда банк менеджментінің деңгейіне байланысты. Өтпелі экономикалық жүйе кезінде банкпен байланысты емес тәуекел және банкпен байланысты тәуекел параллельді пайда болып, локальды банктік дағдарысқа әкеліп соқтырып, экономикалық өсімді тежейді. Банктік тәуекелді есепке алғанда банк түрінің маңызы зор. Мамандандырылған банк тәуекелі мамандандырылған несиелік ұйымның ұсынатын спецификалық өнімімен тығыз байланысты. Өнімге деген сұраныс және оның сапасы банктің тиімді дамуындағы шешуші фактор болып табылады. Мамандандырылған банктегі ақша-несиелік операциялар бойынша қызмет көрсету сапасы жоғары, бұл клиенттер тартуға мүмкіндік береді. Тәжірбие көрсеткендей кейбір жағдайларда клиентке кешенді (бірнеше операция жасау) қызмет ету қажетті болады. Сол себептен банктер өзінің

ұсынатын қызмет спектрін арттыруға мәжбүр болады. Яғни, бұл клиент басқа басқа банктерге бармай, банкте барлық қаржылық қызметтер бойынша қызмет көрсетеді [1].

Банктік тәуекелдерді класификациясы кезінде тәуекелдің көлемі бойынша жіктелеуі маңызды рольді алады. Бұл жағдайда тәуекел төмен, қалыпты және жоғары болып бөлінеді. Әрбір операция масштабы, түріне байланысты тәуекелдің көлемі әртүрлі анықталады. Сонымен қайтар кейбір жағдайларда нақты шектері қойылады.

Тәуекел мен табыс арасындағы байланысты төмендегі суреттен көруге болады. Көрсетілген суретте тәуекел мен табыс арасындағы байланыс бірнеше бөліктерге бөліп, өзіндік керекшелігі көрсетілген. (сурет 1)



Сурет 1. Тәуекел мен табыс арасындағы байланыстың кестесі

Ескерту: автормен құрастырылған.

Банк клиенттерінің құрамына сәйкес банк тәуекелдер келесідей түрлерге бөлінеді:

- 1) Үлкен, орташа және шағын клиенттерден пайда болған тәуекел;
- 2) Салалық құрылым клиенттерінен пайда болған тәуекел;

Банк клиенттерінің құрамының тәуекелділігі банктік қызмет маркетинг пен қоғаммен қарым-қатынас жасаумен байланысты. Кіші, орта және ірі клиенттерінің талаптарының әртүрлі. Сол тәуекелдің деңгейін анықтайды, яғни ұсақ қарыз алушы ірі қарыз алушыға қарағанда нарықтық эконимиканың ауытқушылығына тәуелді болады. Сонымен қатар ірі қарыз алушыға, салаға берілген несие банктің банкротқа ұшырауына негізгі себебі болады.

Салалық құрылым клиенттерінен пайда болған тәуекел экономикадағы белігілі салаға салу кезінде пайда болады. Көбінесе банктік қаражаттар дамушы салаларына (мұнай және газ) мемлекет экономикасына макроэкономикалық тұрғыдан кері әсер етеді. Себебі шикізаттық салаға салынған инвестиция өндірістің өңдеуші салаларына кері әсер етеді [2].

Тәуекел әрбір банктік операциялар әртүрлі деңгей кезінде кездеседі. Сол себептен банк қызметінде тәуекелді болжау және алдын алу шараларын жүргізу арқылы минимальды деңгейге түсіру маңызды. Әдетте, банк менеджменті шығындар деңгейін минимальды деңгейде жеткізумен қатар, табыс көлемін максимальды деңгейді көтеруді ұмтылады. Тәуекел мен табыс арасындағы оптимальды қатынаста ұстау банкті басқарудағы басты және қиын мәселелердің бірі.

Нарықтық қатынастағы коммерциялық банктер қызметіндегі басты принцип жоғарғы табыс табуға ұмтылу болып табылады. Әдетте табысты мүмкін болатын шығындар шектейді. Бұл қаржылық шығындарға әкелетін тәуекелдермен байланысты. Тәуекелдің жоғары болса, жоғары пайда табудың мүмкіндігі де жоғары болады. Тәуекел қазіргі жағдайды және болашақтағы дамуға ресми баға беру кезіндегі ауытқушылықтар әсерінен пайда болады. Бұл ауытқулар оң және кері болуы мүмкін. Бірінші жағдайда пайда алу мүмкіндігі, екінші жағдайда шығынға алып келеді. Табыстылық – активтерге қаражат салу кезіндегі шешім қабылдау кезіндегі маңызды критерий. Бірақта табыстылықтың өсуі және тәуекелділіктің төмендеуі екі қарама-қарсы жағдай. Әдетте жоғары пайданы әкелетін операциялар үлкен тәуекелмен байланысты, төмен тәуекел аз табыс сәйкес. Табыс табу тек мүмкін болатын тәуекелдер алдын-ала ескерілсе және сақтандырылған жағдайда болады.

Тәуекелді реттеу мен бағалау тиімділігі, көбіне оның классификациясымен анықталады. Тәуекелдерді классификациялау деп көзделген мақсаттарға жету үшін оларды анықталған белгілері бойынша белігілі топтарға бөлуді айтамыз. Ғылыми негізделген жіктелім жалпы жүйедегі әрбір тәуекелдің орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Банктік тәуекел келесідей түрлерге жіктелді:

- банк өнімі, қызметі және операцияларының сипаты бойынша;
- банктің тұрақты дамуын қамтамасыз ету деңгейі бойынша;
- тәуекелді қалыптастырушы факторлар бойынша;
- пайда болу уақыты бойынша;
- банк қызметіндегі тәуекелдің деңгейі бойынша;
- банк қызметінің түрлері бойынша;
- банк тәуекелінің көлемі бойынша;
- клиенттік база құрамы бойынша;
- операцияларды есепке алу сипаты бойынша

Қазақстандық банктер банктің қызмет көрсету кезіндегі негізгі тәуекел - несиелік тәуекел болып табылады. Несиелік тәуекел-несие алу бойынша келісім шарттың талаптарына сәйкес банктік несиелік бойынша төлемдерді төлеу уақытын кешіктіру немесе қайтармау тәуекелі.

Қарыз алушының несиелік тәуекелін бағалау банктердің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Жеке банк деңгейінде алынған бағалаулардың дұрыстығынан тұтастай несиелік портфельін басқару сапасы, несиелік бойынша мүмкіндік болатын шығындардан құралатын қордың көлемі және несиелік ұйымының өзінің тұрақтылығы байланысты болады. Несиелік тәуекелінің бағалауына кіретін негізгі сипаттама – қарыз алушы кәсіпорынның банкротқа ұшырау ықтималдығы. Банктер несиелік алушылармен жұмыс жасай отырып, банктердің қарыз алушыға байланысты несиелік тәуекелдерінің бағалау және реттеу тәсілдері арқылы бағалайды. Несиелік тәуекелін бағалау жүйелерінің негізгі түрлері: сараптамалық бағалау әдістері, статистикалық әдістер, аналитикалық әдістер қолдану арқылы бағаланады.

Банк тәжірибесінде банк тәуекелдерін реттеудің келесідей әдістер қолданылады: лимиттерін белгілеу, әртараптандыру, сақтық қорда сақтау, сақтандыру немесе хеджерлеу, өтімділігін басқару болып табылады [3].

Қаржы және банк саласының қалыпты түрде жұмыс жасау мемлекеттің экономикасының тұрақты дамуының негізгі принципі болып табылады. Еліміздің әлемнің 30 дамыған мемлекеттер қатарына қосылу туралы мақсатына жету үшін ұлттық экономиканың негізі болып табылатын банк жүйесінің дамытуы қажет. Президентіміздің жолдауында көрсетілгендей, отандық екінші деңгейлі банктер өзінің алға қойған мақсатын орындауға және нақты экономика салаларын несиелік ресурстарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс. Осы жолда еліміздің қаржылық жүйесін нығайтып, екінші деңгейлі банктердің несиелік портфельіндегі проблемалық несиелерден тазарту және қорландыру мәселелерімен тығыз айналысу қажет. Айтылған мәселелерді шешу үшін Ұлттық Банк және Үкіметке экономика нығайтуға қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз етуге бағытталған ақша-кредит саясатының әзірлеуге тапсырма берілді.

Отандық банктік жүйені тұрақсыз әлемдік экономика кезінде тәуекел менеджментін күшейтуді талап етеді. Банктік тәуекелдердің ішінде несиелік тәуекелдің орны ерекше. Себебі, әлемдік банктердің банкроттылығына несиелік алушылардың несиелік қайтармауынан және банктердің несиелік басқарудағы саясатының дұрыс құрылмау нәтижесінде болып отыр. Қазақстандық коммерциялық банктердегі несиелік портфельіндегі күмәнді және төлем мерзімі өткен несиелер бойынша жоғары көрсеткіштер болуы. Дамыған мемлекеттерде қарағанда көрсетілген көрсеткіш екі-үш есе жоғары болып тұр. Несиелік тәуекелді басқарудағы мәселелерді уақытылы шешу банк және банк жүйесінің тұрақты жұмыс істеуінің бірінші кезектегі мақсаты айналып отыр [4].

Қорыта келгенде, несиелік тәуекелді басқарудағы мәселелерді зерттеу қажеттілігі ұлттық экономиканың өзіндік ерекшелігі ескеру қажет. Сондықтан, қазіргі жағдайдағы

екінші деңгейлі банктердегі қолданылатын әдістерді отандық экономикаға сәйкес модификациялауды қажет етеді. Бұл жағдайда мемлекеттің несиелік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін механизмдерді жасауда, еліміздің экономикалық дамуына ерекшелігін ескеру қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Жарковская Е.П. Банковское дело.- М. Омега – Л, 2006. – 452 б.
2. Мақыш С.Б. Банк ісі.-Оқулық.– Алматы: Издат-Маркет. 2007. – 441 бет
3. Лаврушин О.И, Валенцева Н.И.Банковские риски:оқулық.Мәскеу:КНОРУС, 2016.-262 б
4. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президентінің жолдауы.[//www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)